

Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейінің бракераждық комиссия отырысының

№ 3 ХАТТАМАСЫ

Қатысқаны –

Күні: 27.10.2023

Комиссия төрағасы, мектеп-лицей директоры – Б.С.Тумурзаев

Бракераждық комиссиясының мүшелері:

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: С.Абдигапбаров

Қамқоршылық кеңес төрағасы: М.Аралбаев

Қамқоршылық кеңес мүшесі: Ғ.Илькибаев

Ата-аналар комитеті төрағасы: О.Жұмашұлы

Бастауыш сыныптар бойынша оқу-ісі жөніндегі орынбасары: У.Маденова

Мектеп әлеуметтік педагогы: М.Абдуллаева

Мектеп медбикесі: З.Абасилова

Күн тәртібінде:

1. Тағам өнімдерінің тасымалдануын және жеткізілуін қадағалау.
2. Дайын өнімдердің сапасына органолептикалық бағалау жүргізу.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша мектеп –лицей медбикесі Абасилова Зухра сөз алды. Мектеп-лицейінде тағам түрлерін тасымалдау үшін жеке кәсіпкерлермен келісім-шарт жасалынған, тағам түрлері ай сайын қауіпсіздігін растайтын құжаттармен сұраныс бойынша жеткізіледі, азық-түлікті сақтауға қойма қарастырылған. Қойма 1 бөлмеден тұрады, тоңазытқыштар саны – 10, барлығы термометрлермен жабдықталған, көрсетілген температуралары арнайы журналдарына түсірілген, ет сақтауға арнайы мұздатқыш және сары майды сақтауға бөлек мұздатқыш орнатылған. Көкөністер бір бөлмеде сақталады. Ұн, жармалар арнайы ыдыстарда сақталады. Ауаның ылғалдылығын қадағалау үшін гигрометр орнатылған. Қабылданған азық-түліктер бұзылмаған, сақтау мерзімдері өтпеген, тоңазытқыштарда сақталатын тағам түрлерінің сақталу тәртібі бұзылмаған. Қаптармен жеткізілген көкөністер сөрелерге жайып арасы ашып сақталған.


Екінші мәселе бойынша бракераждық комиссия мүшелері түскі астың сапасына органолептикалық бағалау жүргізді. Балық котлетін дайындалған, гарнирге картоп пюресі мен қияр және қырыққабат салаты және қара нан, кисель мен алма берілген. Картоп пюресі мен балықтан жасалған котлет, картоп езбесі қою, біркелкі, түсі ақшыл сары, тұзының дәмі тіктеу, сүт пен сары май қосылған, котлет жұмсақ, балық, пияз, нан қосылған, буға пісірілген, дайын тағамның иісі мен дәмі картоп езбесі мен балықтан жасалған котлетке сәйкес. Салат қияр мен қырыққабаттан жасалған, үккіштен өткізіліп өсімдік майы қосылған. Жұмсақ, шырынды, дәмді. Қияр мен қырыққабат және өсімдік майының дәміне сәйкес. Кисель берілген, дәмі шие дәміне сәйкес, тәтті, қызғылт түсті. Қара бидай ұнынан пісірілген нан берілген.

Бракераждық комиссия мүшелері асхана мен тамақтану залының санитарлық ережелер мен нормаларға сәйкес болуына қадағалау жұмыстарын жүргізіп, дайын өнімдердің сапасына медбике күнделікті органолептикалық бағалау жүргізуге ұсыныс берді.

Шешім етті:

1. Тағам өнімдерінің тасымалдануы және жеткізілуі санитарлық гигиеналық талаптарға сай болуын қатаң түрде қадағалау.
2. Жеткізілген азық-түліктерді сөрелерге сақтау қатаң бақылауға алынсын.
3. Дайын өнімдерге күнделікті медбикемен органолептикалық бағалау жұмыстары жүргізілсін.

1. Мектеп-лицей директоры:
2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:
3. Қамқоршылық кеңестің төрағасы:
4. Қамқоршылық кеңестің мүшесі:
5. Бастауыш сыныптар бойынша оқу-ісі жөніндегі орынбасары:
6. Ата-ана комитетінің төрағасы:
7. Әлеуметтік педагог:
8. Мектеп медбикесі:



Б.С.Тумурзаев
С.Абдигапбаров
М.Аралбаев
Ғ.Илькибаев
У.Маденова
О.Жұмашұлы
М.Абдуллаева
З.Абасилова